

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1189 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 302 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 23 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3221. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 172 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1189 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 15 (186) басылымдарында 2000 жылғы 17-30 шілдеде жарияланған, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1302 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 377 қаулысымен енгізілген өзгерістермен) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауында және 1-3-тармақтардағы "орналастыру тәртібі туралы" деген сөздер "орналастыру жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықта:

атауында және 1, 2-қосымшаларда "орналастыру тәртібі туралы" деген сөздер "орналастыру жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Нұсқаулық банктер жүргізіп отырған операциялардың тәуекелін барынша азайтуға бағытталған екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеу мақсатында "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", " Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын банктерді қоспағанда, екінші деңгейдегі банктердің меншікті және тартылған қаражатын ішкі активтерге орналастыру шарттарын нақтылайды.";

1 - т а р м а қ т а :

"төленген жарғылық капиталдың, реттелген" деген сөздер "жарғылық капиталдың орташа айлық мөлшерінің, орташа айлық мөлшерінің реттелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта және бұдан әрі мәтін бойынша "депозиттер" және "кредиттер" деген сөздер "салымдар" және "заемдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Банктің жарғылық капиталының орташа айлық мөлшері және реттелген борышы есепті кезеңнің әрбір жұмыс күнінің жағдайы бойынша жарғылық капитал мен реттелген борыш сомасының тиісті есепті кезеңнің жұмыс күндерінің санына қатынасы ретінде есептеледі.";

4 - т а р м а қ т а :

"10-нан кешіктірмей қажетті мәліметтерді Ұлттық Банкке" деген сөздер " бесінші жұмыс күнінің Астана уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірмей қажетті материалдарды қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"N" белгісі алынып тасталсын;

1 және 2-қосымшалардың жоғары оң бұрышында "N" деген белгі, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысымен бекітілген" деген сөздер алынып тасталсын;

1 - қ о с ы м ш а д а :

200___жылғы "___" _____ ішкі активтердің орташа айлық мөлшерінің және ішкі активтерге қаражаттың бір бөлігін орналастыру коэффициентінің есебінде:

1.1.1. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1.1.1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар (оның ішінде қолма-қол ақша)";

1.1.3. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1.1.3. Қазақстан Республикасының Үкіметіне және жергілікті атқарушы органдарына қойылатын талаптар";

1.1.5. жолы алынып тасталсын;

1.2.3. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдарының";

1.3.1. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1.3.1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің";

1.3.3. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдарының";

1.4.1. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1.4.1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің";

1.4.3. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдарының";

"нақты төленген жарғылық капиталдың мөлшері" деген сөздер жарғылық капиталдың орташа айлық мөлшері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

200___жылғы "___" _____ ішкі міндеттемелердің орташа айлық мөлшерінің есебіндегі:

2.1.3. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдарының";

мынадай мазмұндағы 2.1.6. жолмен толықтырылсын:

"2.1.6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің";

2.2.3. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2.3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдарының";

мынадай мазмұндағы 2.2.5. жолмен толықтырылсын:

"2.2.5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің";

2.5.3. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"2.5.3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдарының";

3-жолда "*" деген белгі алынып тасталсын;

3.3. жол мынадай редакцияда жазылсын:

"3.3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің акциялары";

соңғы жолдағы "Реттелген борыштың және төленген" деген сөздер "Реттелген борыштың орташа айлық мөлшерінің және орташа айлық мөлшерінің"

деген сөздермен ауыстырылсын;

"* - 5 және 6 бағанның тиісті ұяларында есеп беретін айының соңғы жұмыс күнінің қалдығын көрсету керек." деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, екінші деңгейдегі банктерге және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалардың бірлестігіне жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға